



Осы Келісімде Жарғыда аталған, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- а) "Үкімет" Қазақстан Республикасының Үкіметін білдіреді;
- б) "Банк" Еуразия даму банкінің, оның Алматы қаласындағы штаб-пәтерін, Жарғыға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында Еуразия даму банкі ашуы мүмкін филиалдар мен өкілдіктерді білдіреді;
- в) "Келісім баптары" Банкті құру туралы келісімнің баптарын білдіреді;
- г) "Банк кеңесі" Жарғы мен осы Келісім негізінде Банк қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Банк басқармасының жоғары органын білдіреді;
- д) "Банк үй-жайлары" осы ғимаратқа немесе ғимараттың бір бөлігіне іргелес жер учаскесімен бірге меншік, мүліктік жалдау немесе өтеусіз пайдалану құқығында Банкке тиесілі Банктің ресми мақсаты үшін пайдаланылатын ғимаратты немесе ғимараттың бір б ө л і г і н бі л д і р е д і ;
- е) "Банк автокөлігі" меншік, мүліктік жалдау немесе өтеусіз пайдалану құқығында Банкке тиесілі автобустарды, шағын автобустарды, жеңіл және жүк автомобильдерін, автомобиль тіркемелерін, ершікті тартқыштарға жартылай тіркемелерді, сондай-ақ мамандандырылған автомобильдерді (жүктердің жекелеген түрлерін тасымалдауға арналған) және арнайы автомобильдерді (түрлі, көліктік емес жұмыстарды орындауға арналған) қамтитын Банктің автомобиль көлігі жылжымалы құрамының бірлігін бі л д і р е д і ;
- ж) "Өкілетті өкілдер мен олардың орынбасарлары" Жарғының 13-бабының 2-тармағына сәйкес Банк кеңесіндегі Банкке қатысушының өкілдерін білдіреді;
- з) "Банктің лауазымды тұлғалары" Банк басқармасының төрағасын, Банк басқармасы төрағасының орынбасарларын, Банк басқармасының мүшелерін білдіреді;
- и) "Банк қызметкерлері" Жарғыға сәйкес Банктің қызметіне байланысты жұмыс үшін Банк жалдаған барлық персоналды білдіреді;
- к) "Отбасы мүшелері" лауазымды тұлғалар мен Банк қызметкерлерінің отбасы мүшелерін білдіреді және олардың ерлі-зайыптарын, балаларын, ата-аналарын, сондай-ақ әл-ауқаты осы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің тарапынан жасалатын қаржылай қолдауға айтарлықтай тәуелді олармен тұратын басқа да отбасы м ү ш е л е р і н қ а м т и д ы ;
- л) "Жеке үй қызметкері" Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің үй қызметкері міндетін орындайтын және Банктің қызметшісі болып табылмайтын адамды бі л д і р е д і ;
- м) "Қызмет көрсетудің нақты түрлері үшін ақы төлеу" толық тізбесі осы Келісімге қосымша ретінде қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді (алымдар, төлемақылар және мемлекеттік баж) білдіреді;
- н) "Банк мұрағаттары" қолжазбаларды, фотосуреттер мен фильмдерді, дауыс жазбаларын, компьютерлік бағдарламалар мен жазбаша материалдарды, бейнетаспалар

мен дискілерді, сондай-ақ Банкке тиесілі немесе Банк немесе оның атынан әлдекім иелік ететін деректері бар дискілерді немесе таспаларды қоса алғанда, барлық жазбаларды, хат алмасуларды, құжаттарды және басқа материалдарды білдіреді;

о) "Банк кеңестері" кез келген халықаралық конференцияларды немесе Банк шақыратын кеңестерді және кез келген комиссияны, комитетті немесе кез келген осындай кеңестің кіші тобын қоса алғанда, Банк кеңестерін білдіреді;

п) "Банктің мүлкі мен активтері" меншік, мүліктік жалдау немесе өтеусіз пайдалану құқығында Банкке тиесілі барлық мүлік пен активтерді білдіреді.

## **2-бап. Банктің құқықтық мәртебесі мен құқықтық қабілеті**

Банк халықаралық ұйым - халықаралық құқық субъектісі болып табылады, халықаралық құқықтық қабілетке ие және атап айтқанда, Банктің Жарғысына сәйкес өз құзыреті шегінде халықаралық шарттар жасасуға құқығы бар.

Банк Қазақстан Республикасының аумағындағы заңды тұлғаның құқықтарын пайдаланады және атап айтқанда, мыналарға:

Банктің Жарғысында белгіленген өз құзыреті шегінде кез келген мәмілелер ж а с а с у ғ а ;

жылжымалы және жылжымайтын мүлікті жалға алуға, сатып алуға және иеліктен айыруға, сондай-ақ көрсетілген мүлікке өзге де тәсілмен билік етуге;

сот және төрелік органдарда сөз сөйлеуге құқылы. Қазақстан Республикасының заңнамасында заңды тұлғаларға өз мүдделерін қорғау үшін қандай іс жүргізу құқықтары бекітілген болса, дәл сондай Банкке де танылады;

Банкке Жарғыға сәйкес жүктелген міндеттерді орындауға бағытталған басқа да і с - қ и м ы л д а р ж а с а у ғ а құ қ ы л ы .

Қазақстан Республикасының аумағында Банктің қызметі қолданылатын халықаралық шарттарда, Келісімде, Жарғыда және осы Келісімде, ал олар болмаған жағдайда не көрсетілген құжаттармен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Банктің жарғылық функцияларды жүзеге асыруға байланысты қызметі Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының тарапынан лицензиялауға, реттеуге және б а қ ы л а у ғ а ж а т п а й д ы .

Егер жүзеге асырылатын қызмет түрлері немесе операциялар мен мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк мәртебесінің болуын талап ететін жағдайда, Банк мұндай қызмет түрлеріне немесе операциялар мен мәмілелерге қолдануға байланысты Банк мәртебесіне ие деп қаралатын болады.

Үкіметпен келісім бойынша Банк филиалдар және/немесе өкілдіктер ашуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында еншілес банктер мен ұйымдар құруға құқылы.

## **3-бап. Банктің иммунитеттері және артықшылықтары**

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Банктің мүлкі мен активтерінің Банкке қатысты түпкілікті сот шешімі шығарылғанға дейін тінтуге, реквизициялауға, тыйым салуға, тәркілеуге, экспроприациялауға немесе алудың немесе иеліктен шығарудың кез келген өзге де нысанына қарсы иммунитеті бар.

Банктің мақсатына қол жеткізу және функцияларын орындау үшін қажетті дәрежеде және Жарғының ережелерін ескере отырып, Банктің барлық мүлкі мен активтері қандай да болмасын шектеулерден, нұсқамалардан және мораторийлерден босатылады.

Өз өкілеттіктерін жүзеге асырудың салдары болып табылмайтын немесе осы өкілеттіктерді жүзеге асыруға байланысты емес жағдайларды қоспағанда, Банктің кез келген сот қудалауына қарсы иммунитеті болады. Банкке қарсы талап арыздар Банк орналасқан не филиалы, еншілес банкі, еншілес ұйымы немесе өкілдігі бар, не соттың шақыру қағазын немесе процесс туралы хабарлама қабылдау мақсатында агент тағайындаған, не бағалы қағаздар шығарған немесе оларға кепілдік берген мемлекеттің аумағындағы құзыретті соттарда ғана қозғалады.

Банктің мұрағаттарына, мүлкіне, сондай-ақ оған тиесілі немесе иесі болып табылатын кез келген ақпаратқа Қазақстан Республикасының аумағында қол сұғылмайды.

#### **4-бап. Банк үй-жайларына қол сұқпаушылық**

Қазақстан Республикасының аумағындағы Банк үй-жайларына және автокөлігіне қол сұғылмайды. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өкілдері Банктің басқарма төрағасының немесе оның атынан әрекет етуге өкілетті тұлғаның рұқсатымен ғана Банк үй-жайларына кіру құқығын пайдаланады. Мұндай рұқсат өрт немесе соған ұқсас төтенше жағдайларды жою жөніндегі шұғыл іс-әрекеттерді талап ететін жағдайда көзделмеуі мүмкін. Көзделген рұқсатқа сүйене отырып, үй-жайларға кірген кез келген тұлға Банк басқармасы төрағасының немесе оның атынан әрекет жасауға өкілетті тұлғаның өтініші бойынша осы үй-жайларын дереу тастап шығады.

Банк Жарғыға сәйкес өз міндеттерін орындау үшін Банк ішінде қолданылатын ережелерді белгілей алады.

Банк үй-жайларына және автокөлігіне қол сұқпаушылық оларды Банктің міндеттерімен және функцияларымен сыйыспайтын немесе Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне, оның азаматтары мен заңды тұлғаларының мүдделеріне нұқсан келтіретін мақсатта пайдалануға құқық бермейді.

Банк үй-жайлары мен автокөлігі әділ соттан жасырынған, Қазақстан Республикасының заңдарымен қудаланған немесе басқа мемлекетке берілуі тиіс тұлғалар үшін баспана бола алмайды.

#### **5-бап. Банк үй-жайларын қорғау**

Үкімет Банк үй-жайлары мен автокөлігін басып кіруден немесе залал келтіруден қорғау үшін және Банкте тәртіп бұзуды болдырмау үшін барлық қажетті шараларды

қабылдайды. Банкке Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдарға немесе дипломатиялық өкілдіктерге берілетін сияқты қорғау беріледі. Қазақстанның тиісті уәкілетті органдары Банктің өтініші бойынша Банктегі тәртіпті қалпына келтіру үшін және құқық бұзушыларды шығарып жіберу үшін құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қажетті санын береді.

#### **6-бап. Банк қызметін қамтамасыз ету**

Үкімет Банк қызметіне қажет үй-жайлар мен жабдықты іріктеуде, сондай-ақ Банк өтініші бойынша Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін қолайлы тұрғын үйді іріктеп алуда оған көмек көрсетеді.

Банк үй-жайлар мен жабдықты пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық ұйымдар немесе дипломатиялық өкілдіктер үшін белгіленген ставкалар бойынша ақы төлейді.

Үкімет Банкке үй-жайларды ұстауға қажетті қызметтерді алуға көмектеседі. Үкімет Банктің осындай қызметтерді халықаралық ұйымдар немесе дипломатиялық өкілдіктер үшін белгіленген шарттарда ала алатынына кепілдік береді. Осы бапта көзделген қызметтерді Үкімет немесе уәкілетті органдар көрсететін жағдайда, мұндай қызметтерге Банк Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық ұйымдар немесе дипломатиялық өкілдіктер үшін белгіленген ставкалар бойынша ақы төлейді.

Үкімет Банкке материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етуде және Банк автокөлігін пайдалану үшін қажет жағдайлар жасауда жәрдемдеседі.

#### **7-бап. Байланыс құралдары**

Үкімет Банкке оның ресми байланысы үшін почталық жөнелтімдерге, каблограммаларға, телеграммаларға, радиограммаларға, телефонға, интернетке және басқа байланыс құралдарына басымдыққа, тарифтерге және ставкаларға қатысты, сондай-ақ баспасөз және радио арқылы таратылатын ақпаратқа арналған төмендетілген ставкаларға қатысты кез келген басқа халықаралық ұйымға немесе дипломатиялық өкілдікке көрсетілетін қолайлы жағдайлардан кем емес жағдай жасауға кепілдік береді. Көрсетілген қызметтерге ақы төлеу жөніндегі барлық шығыстар Банк қаражаты есебінен жүргізіледі.

Банкке келіп түсетін және одан шығатын барлық қызметтік хабарламалар, оларды жіберу тәсілі мен нысанына қарамастан, цензураға және кез келген басқа бақылауға, жол-жөнекей ұстап алу немесе араласу нысанына жатпайды.

Лауазымды тұлғалар кодты пайдалана алады және курьерлік немесе дипломатиялық почта арқылы құжаттар мен хат-хабарларды ала алады.

Банк сымсыз таратқышты орнатуды және пайдалануды Үкіметтің келісімімен ғана жүзеге асыра алады. Банк Үкіметтің келісімімен екі нүкте арасында алысқа арналған байланыс құралдарын және Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде Банкті байланыспен қамтамасыз етуге жәрдем ету үшін қажетті хабарлама қабылдау мен жіберудің басқа құралдарын орната әрі пайдалана алады.

## **8-бап. Салықтық жеңілдіктер**

Банк, оның кірістері, мүлкі және басқа да активтері, сондай-ақ Жарғыға сәйкес жүзеге асырылатын оның операциялары мен мәмілелері Қазақстан Республикасында кез келген салықтардан, алымдардан, баждардан және қызмет көрсетудің нақты түрлері үшін төлемді білдіретіндерін қоспағанда, басқа да төлемдерден босатылады.

Банк кез келген салықтар мен әлеуметтік және зейнетақылық қамсыздандыру жөніндегі төлемдерді төлеу, ұстау немесе өндіріп алу жөніндегі кез келген міндеттемелерден де босатылады.

Банк дипломатиялыққа теңестірілген және Қазақстан Республикасында аккредиттелген өкілдік мәртебесін алған күннен бастап, Қазақстан Республикасының аумағында сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша оның Жарғысына сәйкес қызметті жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) берушілер қойған қосылған құнға салынатын салықты қайтаруға құқығы бар.

Банк салық салу бойынша жеңілдікті пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының аумағында сатып алған немесе Банк Қазақстан Республикасының аумағына әкелген тауарлар Банк бұрын төлеуден босатылған тиісті салықтарды, алымдарды, баждарды және басқа да төлемдерді алдын ала төлемейінше, Қазақстан Республикасының аумағында сатуға, сыйға тартуға, жалға беруге жатпайды.

Ешқандай міндеттемелерге немесе Банк шығарған бағалы қағаздарға, сондай-ақ оларға дивидендтерге немесе пайыздарға олардың ұстаушысының кім екендігіне қарамастан, Қазақстан Республикасында ешқандай салық салынбайды:

а) оларды Банктің шығаруына байланысты ғана мұндай міндеттемелерге немесе бағалы қағаздарға қатысты кемсітуші болып табылса, немесе

б) егер көрсетілген міндеттемелер немесе бағалы қағаздар шығарылған орын; олар шығарған, төленуге тиіс немесе төленетін валюта; Банкке тиесілі қандай да болмасын мекеменің немесе қызмет орнының орналасқан жері мұндай салық салу үшін жалғыз ғана заңды негіздеме болып табылса.

## **9-бап. Қаржылық рәсімдер**

Банктің мақсаттарына қол жеткізу және оның функцияларын орындау үшін қажет дәрежеде және Жарғының ережелерін ескере отырып, Банктің барлық мүлкі мен активтері қандай да бір шектеулерден, жазбаша өкімдерден және мораторийлерден босатылған.

Банк Келісімге және Жарғыға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында кедергісіз кез келген мүлікті (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айналымнан алынған мүлікті қоспағанда), валютаны, бағалы қағаздарды және өзге де қаржы құралдарын сатып ала, сондай-ақ оларға иелік ете алады, кез келген валютада шоттары болады, қаржылық мәмілелер және келісім-шарттар жасаса алады, оған тиесілі валютаны, бағалы қағаздарды және өзге де қаржы құралдарын Қазақстан

Республикасына және Қазақстан Республикасынан аударып (орнын ауыстыра) алады және оған тиесілі валютаны кез келген басқа валютаға айырбастай алады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Банкке Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын Қазақстан Республикасында Банк шығыстарын жабуға Банкке уақыт өткен сайын талап етілуі мүмкін көлемде келісілген бағам бойынша, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі жеке келісіммен белгілейтін тәртіппен сатады.

### **10-бап. Ту және эмблема**

Банк өзінің туы мен эмблемасын Банк үй-жайларында Банк үй-жайларының сыртында Банктің автокөлік құралдарында, егер олар Банк үй-жайларынан тыс жерлерде өткізілсе, Банк кеңестері өткізілетін жерлерде, егер іс-шараларға қатысушы Банк болып табылса іс-шаралар өткізу барысында, сондай-ақ өзге де жағдайларда пайдалануға құқығы бар.

### **11-бап. Банк кеңестері**

Банктің Банк үй-жайларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағының шегінде кеңестер шақыруға құқығы бар. Үкімет Банк шақыратын кеңестерде шешімдерді толық еркіндікте талқылауға және қабылдауға кедергілер тудырмайтынына кепілдік береді.

### **12-бап. Банктің халықаралық ұйым ретіндегі мәртебесі, саяси қызметке тыйым салу**

Банк, Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өз шешімдерінде Жарғыда айқындалған Банктің мақсатына, оның функциялары мен операцияларына жататын Банк мүдделерін ғана басшылыққа алады.

Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өз міндеттерін орындау кезінде өзге ешкімге емес, Банкке ғана қызмет етеді. Банкке әрбір қатысушы оның халықаралық ұйым ретіндегі мәртебесін сыйлайды және олар өз міндеттерін орындау кезінде көрсетілген тұлғалардың қандай да біріне ықпал етудің кез келген әрекетінен т а р т ы н а д ы .

Банк, Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері оның мүшелерінің кез келгенінің саяси оқиғасына араласпауға тиіс. Банк органдарының шешімдері оның қатысушыларының саяси ықпалымен қабылданбауға тиіс.

Банк органдары шешімдер қабылдаған кезде тек Жарғының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған ой-пікірлерді ғана басшылыққа алуға тиіс.

### **13-бап. Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеңілдіктері, артықшылықтары және иммунитеттері**

Жарғыда және осы Келісімде көзделген жеңілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер Банктің өзінің Жарғысында көзделген қызметіне сәйкес олар өздерінің қызметтік міндеттерін тиімді әрі тәуелсіз орындау үшін Банктің өкілетті өкілдері мен олардың орынбасарларына, Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне б е р і л е д і .

Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері:

а) олар қызметтік міндеттерін атқару кезінде жасаған іс-қимылдарға қатысты сот және әкімшілік қудалаудан иммунитеті болады. Бұл иммунитет жол-көлік оқиғалары жағдайында азаматтық жауапкершілікке қолданылмайды;

б) Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттері дипломатиялық өкілдіктерінің қызметкерлері пайдаланатын оралмандық бойынша жеңілдіктерді отбасы мүшелерімен бірге пайдаланады;

в) иммиграция бойынша шектеулерден, Қазақстан Республикасының аумағында болу кезеңіне шетелдіктерді тіркеу рәсімдері мен тіркеу алымдарынан отбасы мүшелерімен бірге босатылады;

г) кеден баждарын, салықтар мен алымдарды төлеместен, тек жеке мақсатта пайдалануға арналған автомобильдерді қоса алғанда, жиһазды, үйге қажетті заттарды және басқа жеке мүлікті әкелуге құқығы бар;

д) жалақыға салынатын салықтардан немесе Банктен алатын өзге сыйақы төлеуден босатылады.

Осы баптың "б)", "в)" және "г)" тармақтарының ережелері Қазақстан Республикасының азаматтары және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдар болып табылатын Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қолданылмайды.

Банктің лауазымды тұлғалары, Банктің қызметкерлері, олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасында аккредиттелген күннен бастап, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке пайдалануға арналған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша берушілер төлеген қосылған құн салығын қайтаруға құқығы бар.

Банк осы Келісімге сәйкес Үкіметтің иммунитеттер, артықшылықтар және жеңілдіктер беруі мақсатында, Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің тегін, сондай-ақ осы баптың ережелері қолданылатын өзге тұлғалардың тегін Үкіметке хабарлайды. Банк Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің тегі мен қызметтік деректерін, сондай-ақ олардың келу және түпкілікті кету немесе Банкте олардың қызметінің тоқтатылу күнін хабарлайды.

Қазақстан Республикасында қолданылатын практикаға сәйкес Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Банкке және осы Келісімде көзделген иммунитеттерді, артықшылықтар мен жеңілдіктерді пайдаланатын тұлғаларға көрсетушінің осы Келісімде көзделген иммунитеттерді, артықшылықтар мен жеңілдіктерді пайдаланатынын растайтын аккредиттеу туралы анықтаманы, аккредиттеу карточкаларын береді.

Олардың артықшылықтары мен иммунитеттеріне залалсыз осындай артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын барлық тұлғалар Қазақстан

Республикасының заңнамасын құрметтеуге міндетті. Олар Қазақстан Республикасының ішкі істеріне де араласпауға міндетті.

Қазақстан Республикасы кез келген уақытта өз шешімін уәждеуге міндетті болмай, Банкті Банктің лауазымды тұлғасы немесе қызметкері *persona non grata* болып табылатынын немесе Банктің кез келген басқа қызметкері қолайлы емес болып табылатынын хабардар ете алады.

#### **14-бап. Иммунитеттерден, артықшылықтар мен жеңілдіктерден бас тарту**

Банк кеңесі Жарғыда және осы Келісімде көрсетілген кез келген иммунитеттен, артықшылықтан немесе жеңілдіктен, оның пікірінше, Банктің мүдделеріне жауап беретін дәрежеде және шарттарда бас тарта алады.

Банк басқармасының төрағасы оның пікірінше мұндай иммунитет, артықшылық немесе алу сот төрелігін жүзеге асыруға қиындық туғызатын болса және олардан бас тарту Банктің мүдделеріне нұқсан келтірмесе, Банк басқармасының төрағасын, Банк басқармасы төрағасының орынбасарларын және Банк басқармасының мүшелерін қоспағанда Банктің кез келген қызметкеріне қатысты кез келген иммунитеттен, артықшылықтан немесе жеңілдіктен бас тартуға міндетті. Банк кеңесі осыған ұқсас жағдайларда және дәл сондай шарттарда Банк басқармасының төрағасына, Банк басқармасы төрағасының орынбасарларына және Банк басқармасының мүшелеріне қатысты кез келген иммунитеттен, артықшылықтан немесе алудан бас тартуға міндетті.

#### **15-бап. Келу және тұру**

Үкімет Қазақстан Республикасына қызмет бабы бойынша келетін мынадай адамдардың:

өкілетті өкілдер және олардың орынбасарларының, Банктің лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің, олардың отбасы мүшелері мен жеке үй қызметкерлерінің;

Банктің Қазақстан Республикасындағы операцияларына және ресми қызметіне байланысты, Банк ресми түрде шақырған басқа да адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне, тұруына және одан кетуіне Қазақстан Республикасында қозғалыс еркіндігіне жәрдемдесу үшін қажетті барлық шараларды қабылдайды. Банк Үкіметке мұндай адамдардың тегін хабарлайды.

Жеке үй қызметкерлері мен Банктің Қазақстан Республикасындағы операцияларына және ресми қызметіне байланысты Банк ресми шақырған тұлғаларды қоспағанда, жоғарыда аталған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарының және бару үшін арнайы рұқсат талап етілетін объектілер мен басқа да орындарға қатысты ережелерінің сақталуы шартымен отырып, оның аумағында сондай қозғалу еркіндігін және дипломатиялық өкілдіктердің салыстырмалы дәрежесіндегі лауазымды тұлғаларына берілетін қозғалыс құралдарына қатысты дәл сондай режимді пайдаланады.

#### **16-бап. Дауларды реттеу**

Үкімет пен Банк арасындағы осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген дау консультациялар жүргізу жолымен шешіледі.

Егер мұндай даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер және консультациялар жүргізу жолымен шешілмеген жағдайда, тараптардың кез келгені үш төрешіден тұратын, оның біреуін - Үкімет, екіншісін - Банк, ал үшіншісін - тағайындалған төрешілердің келісімі бойынша не егер тараптар бірдей келісімге келмесе, Біріккен Ұлттар Ұйымы Халықаралық сотының төрағасы тағайындайтын аралық соттың қарауына дауды бере алады. Аралық талқылау рәсімін төрешілер белгілейді және тараптар мөлшерін төрешілер белгілейтін аралық талқылау бойынша шығыстарды көтереді. Төрешілер шешімді көпшілік дауыспен қабылдайды және олар қабылдаған шешім дау тараптары үшін түпкілікті және міндетті болып табылады.

### **17-бап. Қорытынды ережелер, Келісімнің күшіне енуі және оның қолданылуын тоқтату**

Осы Келісім Қазақстан Республикасының оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізгені туралы хабарламаны Банк алғаннан кейін күшіне енеді. Осы Келісімге жеке хаттамалармен реттелетін, күшіне ену тәртібі осы хаттамалармен реттелетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Үкімет пен Банк Жарғы мен осы Келісімді орындау үшін қажетті қосымша келісімдер жасаса а л а д ы .

Осы Келісімнің қолданылуы Үкімет пен Банк арасында келісілген тәртіппен Үкіметтің немесе Банктің өтініші бойынша тоқтатылуы мүмкін. Осылай тоқтатылған жағдайда, осы Келісім Банктің ісін реттеу мен оның Қазақстан Республикасындағы мүлкін сату үшін ақылға қонымды түрде талап етілетін уақыт кезеңі өткенде күшін ж о я д ы .

2006 жылғы 17 маусымда Алматы қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей.

*Қ а з а қ с т а н* *Е у р а з и я* *д а м у*  
*Республикасының Үкіметі* *банкі үшін*  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Ү к і м е т і м е н Е у р а з и я д а м у б а н к і  
а р а с ы н д а ғ ы Е у р а з и я д а м у  
б а н к і н і ң Қ а з а қ с т а н  
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң а у м а ғ ы н д а  
б о л у ш а р т т а р ы т у р а л ы к е л і с і м г е  
қ о с ы м ш а

**Банк төлеуге тиісті бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің (қызмет көрсетудің нақты түрлеріне төлем) тізбесі**

1. Жылжымайтын мүлікке және онымен жасалатын мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым
2. Жылжитын мүліктің кепілін мемлекеттік тіркегені үшін алым
3. Радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиілікті құрылғыларды мемлекеттік тіркегені үшін алым
4. Механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым
5. Теңіз, өзен және шағын көлемді кемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым
6. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін алым
7. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүргені үшін алым
8. Аукциондардан алынатын алым
9. Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы
10. Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемақы
11. Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы
12. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы
13. Мемлекеттік баж
14. Кеден органдары иелері болып табылатын кедендік қоймалар мен уақытша сақтау қоймаларында тауарларды сақтағаны үшін кедендік алым
15. Тауарларды кедендік сүйемелдегені үшін кедендік алым
16. Тауардың шыққан елін және кедендік құнын анықтау сыныптамасына, әдіснамасына қатысты кеден органының алдын ала шешімі үшін төлемақы

## **Еуразия даму банкі құру туралы**

### **КЕЛІСІМ**

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің экономикалық өсуіне және олардың арасындағы сауда-экономикалық байланыстарын кеңейтуге жәрдемдесу мақсатында төмендегілер туралы келісті:

#### **1-бап**

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің нарықтық экономикасының қалыптасуына және дамуына, инвестициялық қызметті жүзеге асыру жолымен олардың экономикалық өсуіне және олардың арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге ықпал етуге тартылған Еуразия даму банкі (бұдан әрі- Банк) құрылсын.

Банк басқа халықаралық қаржы және банктік ұйымдар мен одақтардың жұмысына қатыса отырып, халықаралық қаржы-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдеседі.

#### **2-бап**

Банк өз қызметінде халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларын, қолданыстағы халықаралық шарттарды, осы Келісімді және Банк Жарғысын басшылыққа алады.

Банк банктік қызметтің жалпы қабылданған қағидаттарына сәйкес жұмыс істейді.

Банктің Жарғысы осы Келісіммен бекітіледі, оның ажырамас бөлігі болып табылады және осы Келісімге қосымша түрінде ресімделді.

Банк өз функцияларының орындалуын қамтамасыз ету үшін осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтерімен Банктің олардың аумақтарында болу шарттары туралы, сондай-ақ осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерімен және өзге де уәкілетті органдарымен келісімдер жасаса алады.

### **3-бап**

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін оған басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар Банктің Жарғысында көзделген қажетті талаптар мен рәсімдерді орындаған жағдайда қосыла алады.

Осы Келісім оған қосылатын мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар үшін осы Келісімге қосылу туралы құжатты депозитарийге тапсырған күннен бастап күшіне енеді. Қосылу туралы бірінші құжатты тапсырған күннен бастап және осы Келісім көптарапты болып тұрғанда депозитарий функциясын Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігі орындайды.

### **4-бап**

Осы Келісімнің әрбір қатысушысы депозитарийге өзінің ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберіп және Банктің Жарғысында көзделген шарттарды орындай отырып, Банктің құрамынан шыға алады.

Осы Келісім Банктің Жарғысына сәйкес Банк пен осы қатысушы арасындағы қатынастар түпкілікті реттелген күні осындай қатысушы үшін қолданылуын тоқтатады.

### **5-бап**

Осы Келісімге оған барлық қатысушылардың келісімімен жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

### **6-бап**

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге байланысты келіспеушіліктерді оған қатысушылар келіссөздер және консультациялар жолымен реттейді.

### **7-бап**

Осы Келісім дипломатиялық арналар бойынша Уағдаласушы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

Банк Жарғысының 8-бабы 4-тармағының ережелері Келісімге қол қойылған күннен бастап уақытша қолданылады.

200\_ жылғы " " қаңтарда Астана қаласында екі дана етіліп орыс тілінде жасалды.

*Қазақстан Республикасы үшін Ресей Федерациясы үшін*

200\_ жылғы " " қаңтардағы

Еуразия даму банкін құру

т у р а л ы  
ҚОСЫМША

к е л і с і м г е

**Е У Р А З И Я**

**Д А М У**

**Б А Н К І Н І Ң**

## **ЖАРҒЫСЫ**

Еуразия даму банкі (бұдан әрі - Банк) 200\_ жылы " " қаңтарда қол қойылған Еуразия даму банкі құру туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) сәйкес құрылды және өз қызметін оған сәйкес жүзеге асырады.

Осы Жарғы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

## **І б ө л і м**

### **Банктің мақсаттары, функциялары және қатысушылары**

#### **1 - б а п**

#### **Банктің мақсаттары**

Банк Банкке қатысушы мемлекеттердің нарықтық экономикасының қалыптасуына және дамуына, инвестициялық қызметті жүзеге асыру жолымен олардың экономикалық өсуіне және олардың арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге ықпал е т у г е т а р т ы л ғ а н .

Банк Банкке жаңа қатысушы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қосылуы үшін ашықтық қағидатына сәйкес халықаралық қаржы-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған қызметті жүзеге асырады.

#### **2 - б а п**

#### **Банктің функциялары**

Өз мақсатына қол жеткізу үшін Банк мынадай функцияларды орындайды: жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру, кепілдіктер беру және ол үшін меншік капиталын, халықаралық және ұлттық қаржы нарықтарынан алынған қаражатты, сондай-ақ басқа қол жетімді ресурстарды пайдалана отырып, Банкке қатысушы мемлекеттерді әлеуметтік-экономикалық дамыту мүддесіне сай инвестициялық қызметті жүзеге асырады;

Банкке қатысушыларға экономикалық даму, ресурстарды тиімді пайдалану, сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту мәселелері бойынша консультация береді, мемлекеттік және халықаралық қаржы саласында ақпараттық-талдама жұмысын жү р г і з е д і ;

халықаралық ұйымдармен, мемлекеттермен, Банкке қатысушы мемлекеттердің және экономикалық дамуды қаржыландыруға мүдделі басқа да елдердің ұлттық мекемелерімен және шаруашылық жүргізуші субъектілерімен өзара іс-қимыл жасайды;

Келісімде Банкке қатысушылармен, олардың орталық (ұлттық) банктерімен және өзге уәкілетті органдармен Банк жасасқан екі жақты келісімдерде айқындалған, сондай-ақ халықаралық банктік практикаға Банктің мақсаттарына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асырады.

### 3 - б а п

#### **Банктің мәртебесі және орналасқан жері**

1. Банк халықаралық ұйым - халықаралық құқық субъектісі болып табылады, халықаралық құқықтық қабілетке ие және атап айтқанда, өз құзыреті шегінде халықаралық шарттар жасасуға құқығы бар.

2. Банк Банкке қатысушылардың аумағындағы заңды тұлғаның құқықтарын пайдаланады және атап айтқанда, мыналарға:

а) Банктің Жарғысына қайшы келмейтін кез келген мәмілелер жасасуға;

б) жылжымалы және жылжымайтын мүлікті жалға алуға, сатып алуға және иеліктен айыруға, сондай-ақ көрсетілген мүлікке өзге де тәсілмен билік етуге;

в) сот және төрелік органдарда сөз алуға құқылы. Банкке қатысушы мемлекеттердің аумағында Банк үшін Банкке қатысушы мемлекеттердің заңнамасында заңды тұлғаларға бекітілген өз мүдделерін қорғау үшін дәл сондай іс жүргізу құқықтары т а н ы л а д ы ;

г) осы Жарғыға сәйкес Банктің мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған басқа да іс-әрекеттер ж а с а у ғ а құ қ ы л ы .

3. Банк өз қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал Банкке қатысушылар Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Банкке қатысушылар оларға тиесілі акциялар құнының шегінде Банктің қызметіне байланысты залалдың тәуекелдігіне тәуелді болады.

4. Банктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.

5. Банкке қатысушы мемлекеттердің аумағында Банктің қызметі қолданылатын халықаралық шарттарда, Келісімде, осы Жарғыда Банк Банкке қатысушы мемлекеттердің үкіметтерімен Банктің олардың аумағында болу шарттары туралы, сондай-ақ Банкке қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктерімен және өзге де уәкілетті органдарымен жасасқан келісімдерде, ал олар болмаған жағдайда не көрсетілген құжаттармен реттелмеген бөлігінде осындай қызмет жүзеге асырылатын аумақтарда Банкке қатысушы мемлекеттердің заңнамасымен айқындалады.

Банкке қатысушы мемлекеттердің ұйымдар құру, қызметін лицензиялау, реттеу және тоқтату тәртібін белгілейтін заңнамасы Банкке қолданылмайды.

6. Банк кеңесінің шешімі бойынша және Банкке қатысушылармен келісім бойынша Банк филиалдар және (немесе) өкілдіктер ашуға, сондай-ақ еншілес банктер мен ұйымдарды құруға құқылы.

### 4 - б а п

#### **Банктің құрылтайшылары мен қатысушылары**

1. Банктің құрылтайшылары олардың үкіметтері атынан Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы болып табылады.

2. Банктің құрылтайшылары осы Жарғының 8-бабының 2-тармағына сәйкес Банктің акцияларын төлегеннен кейін оның қатысушылары болады.

3. Банктің мақсаттарын бөлісетін мүдделі мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың кіруі үшін Банк ашық. Банкке қабылданатын мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар Келісімге қосылғаннан және Банк кеңесі белгілеген тәртіппен Банктің сатып алынатын акцияларын төлегеннен кейін қабылданған Банк кеңесі шешімдерінің негізінде оның қатысушылары болады.

## І І б ө л і м

### **Банктің капиталы**

## 5 - б а п

### **Жарғылық капитал**

Банктің жарғылық капиталы әрқайсысының атаулы құны 1000 (бір мың) АҚШ доллары 1500000 (бір миллион бес жүз мың) акцияға бөлінген 1500000000 (бір миллиард бес жүз миллион) АҚШ долларын құрайды. Ақысы төленетін бір акция дауыс беру мақсаттары үшін бір дауысты білдіреді.

## 6 - б а п

### **Жарғылық капиталға бастапқы жазылу**

1. Банктің құрылтайшылары осы Жарғының ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада көзделген санда Банктің акцияларына бастапқы жазылуды жүзеге асырады.

2. Егер Банк құрылтайшыларының қайсыбірі жазылу туралы мәлімдесе немесе осы Жарғыға қосымшада көзделгенмен салыстырғанда акциялардың аз санына жазылса, Банк кеңесі Банктің басқа құрылтайшысына қалған акцияларға жазылу құқығын пайдаланып қалуға дереу ұсыныс білдіруге міндетті. Бұл құқық көрсетілген ұсынысты алған күннен бастап бір жылдың ішінде іске асырылуы тиіс. Бұл құқықтан бас тартқан жағдайда, Банк кеңесі акцияларды жазылу үшін қайта ұсынуға немесе жарғылық капиталды тиісінше кемітуге шешім қабылдайды.

## 7 - б а п

### **Жарғылық капиталды өзгерту**

1. Банктің жарғылық капиталы осы Жарғыда және Банк кеңесі белгілеген тәртіпке сәйкес қосымша акцияларды эмиссиялау жолымен Банк кеңесінің шешімі бойынша ұ л ғ а й т ы л у ы м ү м к і н .

Қосымша акцияларды бөлу қосымша жазылу бойынша жүзеге асырылады.

Банкке қатысушылар жарғылық капиталда оны ұлғайтқанға дейін тікелей оларға тиесілі үлеске теңбе-тең санда қосымша жазылу бойынша акцияларды сатып алудың басым құқығына ие болады. Бұл ретте Банкке қатысушылар қосымша жазылуды жүзеге асыруға міндетті емес. Олардың қайсыбірі көрсетілген құқықтан толық немесе ішінара бас тартқан жағдайда, акциялардың бөлінбеген үлесіне жазылу тәртібін Банк кеңесі б е л г і л е й д і .

2. Банктің жарғылық капиталы осы Жарғы және Банк кеңесі көздеген тәртіпке сәйкес акциялардың санын қысқарту жолымен Банк кеңесінің шешімі бойынша азайтылуы мүмкін.

## 8 - б а п

### **Акцияларға ақы төлеу**

1. Бастапқы жазылу жарияланған акцияларға ақы төлеу атаулы құны бойынша жүзеге асырылады.

2. Банктің әрбір құрылтайшысы осы Жарғыға қосымшаға сәйкес сол құрылтайшыға берілетін жарғылық капитал акцияларының кемінде 20 (жиырма) пайызын құрылтайшы осы Жарғы күшіне енген жылдан кейінгі жылға арналған өз бюджетін атқаруын бастаған күнінен бастап 30 (отыз) күннен кешіктірмей төлейді.

3. Бастапқы жазылудың қалған бөлігінің есебіне Банктің әрбір құрылтайшысы тең үлестермен жыл сайын 2 (екі) жыл ішінде өтелетін ақы төлеу бойынша міндеттемелерді ресімдейді, олардың біріншісі осы баптың 2-тармағына сәйкес жасалған төлемнен кейін 12 (он екі) айдан кешіктірмей төленуге тиісті.

4. Осы баптың 2-тармағына сәйкес Банктің жарғылық капиталын қалыптастыру үшін бастапқы жарнаны төлеу Келісімге қол қойылған күннен бастап мерзімінен бұрын жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте Банктің жарғылық капиталын қалыптастыру үшін ақы төлеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі уақытша жинақтау шотына есепке алынады.

Құрылтайшының Банктің жарғылық капиталына төленетін жарна жөніндегі міндеттемелері қаражатты уақытша жинақтау шотынан осы Жарғының 9-тармағына сәйкес ашылған Банктің шотына аударылғаннан кейін орындалған болып есептеледі.

5. Банктің жарғылық капиталының акцияларына ақы төлеуді Банкке қатысушылар мерзімінен бұрын жүргізуі мүмкін.

6. Егер осы баптың 3-тармағында айтылған 2 (екі) жыл ішінде құрылтайшылардың қайсыбірі бастапқы жазылу бойынша акцияларды толық төлемесе, Банк кеңесі Банктің басқа қатысушыларының төленбеген акцияларды сатып алу тәртібін белгілейді. Бұл құқықтан барлық қатысушылар бас тартқан жағдайда, Банк кеңесі акцияларды жазылуға қайта ұсынуға немесе жарғылық капиталды тиісті тәсілмен азайтуға шешім қабылдайды.

7. Акцияларға ақы төлеу АҚШ долларымен жүргізіледі.

8. Банкке қатысушы акциялардың бір бөлігін төлеу ретінде Банк кеңесі көздеген тәртіппен және шарттарда жиынтық құны Банктің жарғылық капиталындағы оның үлесінің 10 (он) пайызынан аспауға тиіс ақшалай емес салым (мүлік) енгізе алады.

Банктің жарғылық капиталына жарна ретінде берілетін мүлікке міндеттемелер жүктелмейді.

Салынатын мүлік құнын Банк кеңесі анықтайтын тәуелсіз бағалау ұйымы белгілейді және оны Банк кеңесі бекітеді.

9. Банк құрылтайшыларының акцияларды төлеуінен түскен қаражат Банктің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі шотына есептеледі.

І І І

б ө л і м

## **Банктің ресурстары, қызмет түрлері және операциялары**

9 - б а п

### **Банктің ресурстары**

1. Банк өз қызметін жеке меншік және тартылған қаражат есебінен жүзеге асырады.

2. Банк ресурстары мен қызметтері осы Жарғыда көзделген оның мақсаттарына қол жеткізу және функцияларын орындау үшін ғана Банк кеңесі бекітетін ережелерге, рәсімдерге және талаптарға сәйкес ұсынылады.

Банк қызметіне кедергілер келтіруге жол бермеу, Банкке берешекті өтеу және оның басқа да заңды талаптарын қанағаттандыру үшін Банктің қатысушы мемлекеттерге ресурстар мен қызметтер ұсынудың барлық шарттары олардың ұлттық заңнамасына сәйкес келуін және оларды қорғауды Банк қамтамасыз етеді.

3. Банк жекелеген функцияларды іске асыру үшін қорлар құруы мүмкін.

Банк пайдадан түсетін аударымдар есебінен резервтік қор және басқа да мақсатты қорлар қалыптастырады, оларды қалыптастыру және басқару тәртібін Банк кеңесі бекітеді.

4. Банк Банк кеңесінің шешімі бойынша келісімдер негізінде Банктің мақсаттары мен функцияларына сәйкес келетін міндеттерді шешу үшін Банкке қатысушы, қатысушылар тобы немесе басқа да ұйымдар қалыптастырған арнайы қорларды басқару жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдауға құқылы. Арнайы қорларды басқару жөніндегі барлық шығыстар осы қорлардың есебінен жүзеге асырылады.

1 0 - б а п

### **Инвестициялық қызмет**

1. Инвестициялық қызмет шеңберінде Банк жобалар мен бағдарламаларды қаржыландырады, олардың арасында Банк қатысушыларының мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдерінде көзделгендері басым болып табылады, банктік кепілдіктер және кепілдемелер береді, ұйымның жарғылық капиталына қатысады.

2. Банк еркін айырбасталатын валютада және Банкке қатысушы мемлекеттердің ұлттық валютасында кредиттер береді. Кредиттерді беру және қайтару шарттары қарыз алушылармен келісімдердің мәні болып табылады.

Банк халықаралық қаржы институттарымен, коммерциялық банктермен және өзге де мүдделі мекемелермен бірлесіп кредиттер бере алады.

3. Банк кеңесі бекітетін инвестициялық қызмет туралы ережеге сәйкес Банк инвестициялық қызметті жүзеге асырады.

Инвестициялық қызметті жүзеге асырған кезде Банк жеке мүдделерді қамтамасыз етеді, атап айтқанда, инвестициялық жобалардың сараптамасын ұйымдастырады және оны өткізуге қатысады, бенефициарлардың төлем қабілеттілігін бағалайды.

4. Ұйымдардың жарғылық капиталындағы Банктің төленген инвестицияларының сомасы оның төленген жарғылық капиталының, пайдасының және резервтерінің шамасына сәйкес келетін сомадан аспайды.

5. Банк Банкке қатысушы мемлекеттерге де, сондай-ақ осындай қызметтерді алуға мүдделі басқа да мемлекеттерге жобаларды қаржыландыруға байланысты басқа да қызметтерді ұсынады.

## 1 1 - б а п

### **Ақпараттық-талдау қызметі**

1. Банк Банкке қатысушы мемлекеттер экономикасының және қаржы рыноктарының жай-күйі, олардың инвестициялық мүмкіндіктері, ақша-кредит және валюта қатынастары, банктік және валюталық реттеу саласындағы заңнама нормалары туралы ақпаратты жинауды, жүйелеуді және талдауды жүзеге асырады. Осы негізде Банкке қатысушылар мен басқа пайдаланушылар үшін ақпараттық-талдау материалдары әзірленеді.

2. Банк ақпарат алмасу мақсатында басқа да ұйымдармен келісімдер жасаса алады.

## 1 2 - б а п

### **Қарыз алу және Банк қызметінің өзге де түрлері**

1. Банк өз мақсаттарына қол жеткізу және осы Жарғыда көзделген функцияларды орындау үшін мынадай қызмет түрлерін:

а) Банк кеңесі көздеген шарттарға сәйкес меншікті бағалы қағаздарды шығару, орналастыру, айналысқа енгізу, өтеу және сатып алуды;

б) қандай да бір ұйым шығарған бағалы қағаздарды орналастыру немесе орналастыруға қатысуды;

в) халықаралық және ұлттық қаржы рыноктарына қаражат тартуды;

г) Банк уақытша қажет етпейтін қаражатты (оның ішінде арнайы қорлардың ресурстарын) депозиттерге инвестициялау немесе орналастыруды;

д) консультациялық қызметтер көрсетуді;

е) лизингтік қызметті;

ж) валюталарды, сондай-ақ шетелдік валютада құқықтарды (талаптарды) сатып алу-сату мәмілелер жасасуды;

з) бағалы металдармен, асыл тастармен және өзге де валюта құндылықтарымен операцияларды жүргізуді;

и) Банктің мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет болуы мүмкін және Банктің Жарғысына қайшы келмейтін кез келген басқа да операцияларды жүзеге асыруға құқылы.

2. Банк салымдарға жеке тұлғалардың қаражатын тартпайды.

## I V

## б ө л і м

### **Банкті басқару**

Банкті басқаруды Банк кеңесі, Банк басқармасы және Банк басқармасының төрағасы жүзеге асырады.

## 1 3 - б а п

### **Банк кеңесі**

1. Банк кеңесі Банк қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын оның жоғары басқару органы болып табылады.

2. Банкке әрбір қатысушы Банк кеңесіне Банк кеңесінің мүшелері болып табылатын бір өкілетті өкілі мен оның орынбасарын тағайындайды және бұл туралы Банкті ресми түрде хабардар етеді.

Банкке қатысушының әрбір өкілетті өкіліне дауыс беру кезінде өзі білдіретін Банкке қатысушы иеленетін дауыстар саны беріледі. Банк кеңесінің отырысында өкілетті өкіл болмаған кезде оның орынбасары өкілетті өкілдің міндеттерін орындайды, оның ішінде дауыс беруге қатысады.

3. Банк кеңесі жыл сайын өкілетті өкілдерінің біреуін Банк кеңесінің төрағасы ретінде сайлайды, ол өз міндеттерін Банк кеңесінің келесі төрағасы сайланғанға дейін атқарады.

Банк кеңесі Банк кеңесінің мүшелерін Банк кеңесі төрағасының орынбасарлары етіп сайлай алады.

4. Банк кеңесінің төрағасы мен төрағаның орынбасарына, сондай-ақ өкілетті өкілдерге және олардың орынбасарларына Банк кеңесінде міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төленбейді.

## 1 4 - б а п

### **Банк кеңесінің құзыреті**

1. Банк кеңесінің құзыретіне мынадай мәселелерді шешу жатады:

а) Банктің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес кредит саясаты мәселелерін қоса алғанда, оның қызметінің негізгі бағыттарын белгілеу;

б) Банк құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау және оларды қабылдау шарттарын айқындау;

в) Банк құрамына жаңа қатысушыларды оларға Банк қатысушылары өз акцияларының үлесін беру жолымен қабылдау;

г) Банктің жарғылық капиталын көбейту немесе азайту туралы шешімдер қабылдау;

д) Банкке қатысушылар арасында жарғылық капиталды қайта бөлу туралы шешімдер қабылдау;

е) Банк құрылтайшыларының ұсынымы бойынша Банк басқармасының төрағасын тағайындау және лауазымынан босату;

ж) Банк басқармасы төрағасының сыйақысы мөлшерін белгілеу;

з) Банк басқармасы төрағасының ұсынымы бойынша Банк басқармасының төрағасы орынбасарларының кандидатураларын бекіту;

- и) Банктің ұйымдық құрылымын бекіту;
- к) аудиторлық қорытындыны ескере отырып, Банк басқармасының жылдық есебін, жылдық теңгерімін және Банктің пайдасы мен шығыны туралы есебін бекіту;
- л) кезекті қаржы жылына арналған Банк бюджетін бекіту;
- м) Банктің сыртқы аудиторын және Банктің ең сыртқы аудиторын сайлау тәртібін, сондай-ақ Банктің ішкі аудит қызметінің және тексеру комиссиясы қызметінің тәртібін б е к і т у ;
- н) Банктің ішкі қорларын құру, резервтік және өзге қорлардың мөлшері туралы, сондай-ақ Банктің пайдасын бөлу туралы шешімдер қабылдау;
- о) халықаралық ынтымақтастық саласында Банктің басымдықтарын айқындау және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық туралы келісімдер жасасу туралы шешімдер қ а б ы л д а у ;
- п) филиалдар ашу, еншілес банктер мен ұйымдар құру туралы шешімдер қабылдау;
- р) Банкке қатысушының қызметін тоқтата тұру;
- с) Банктің таза активтерін қатысушылар арасында бөлу мерзімін және шарттарын айқындауды қоса алғанда, Банктің операцияларын тоқтата тұру туралы, оны таратуға бастамашылық жасау туралы шешімдер қабылдау;
- т) осы Жарғыға өзгерістер енгізу жөніндегі мәселелерді шешу;
- у) Банктің инвестициялық қызметі туралы ережені бекіту;
- ф) Банктің инвестициялық қызметі туралы ережеге сәйкес Банк кеңесінің құзыретіне жатқызылған Банктің инвестициялық жобаларын қарау және бекіту;
- х) Банкті тарату рәсімін айқындау;
- ц) Банк кеңесі жұмысының регламентін бекіту;
- ч) осы Жарғыға сәйкес шешілуі Банк кеңесіне жүктелетін кез келген басқа да м ә с е л е л е р .

2. Банк кеңесі Банкке қатысушы мемлекеттер үкіметтерінің тиісті өкілеттіктерінің және (немесе) шешімдерінің болуын талап ететін мәселелерді қоспағанда, жекелеген мәселелер бойынша өкілеттіктерді Банк басқармасына беруге құқылы.

3. Осы баптың 1-тармағының "б", "г", "д", "е", "п", "р", "с", "т" тармақшаларында көзделген мәселелер бойынша дауыс беру үшін Банк кеңесінің мүшелерінде өз үкіметтерінің тиісті өкілеттіктері және (немесе) шешімдері болуы тиіс.

4. Банк басқармасы төрағасымен жасалған келісім-шартқа Банк кеңесінің төрағасы немесе оның жазбаша тапсырмасы бойынша Банк кеңесінің мүшесі қол қояды.

## 1 5 - б а п

### **Банк кеңесінде дауыс беру**

1. Әрбір Банкке қатысушыға Банктің жарғылық капиталының ақысы төленген әрбір акциясына бір дауыс беріледі.

2. Банк кеңесі өз отырыстарын қажетіне қарай, бірақ кемінде жылына екі рет ө т к і з е д і .

Банк кеңесінің кезектен тыс отырыстары Банк басқармасының немесе оның төрағасының, сондай-ақ үлестеріне Банктің төленген жарғылық капиталында дауыстардың кемінде төрттен бірі келетін Банкке қатысушының немесе қатысушылардың бастамасы бойынша шақырылады.

3. Егер Банк кеңесінің отырысына дауыстардың жалпы санының кемінде төрттен үшіне иелік ететін Банкке қатысушылардың өкілетті өкілдері қатысса, ол заңды болып табылады.

4. Осы Жарғының 14-бабы 1-тармағының "а", "б", "г", "д", "п", "р", "с", "т", "х" тармақшаларында көзделген мәселелер бойынша Банк кеңесі төрттен үш көпшілік дауыспен шешімдер қабылдайды. Банк кеңесі қандай да бір қатысушылардың Банкке қатысуын тоқтата тұру туралы шешімді қабылдау кезінде дауыс беру нәтижелерін айқындау кезінде осы қатысушының қарсылығы есепке алынбайды.

5. Егер Банктің акционерлік капиталына 2-ден артық емес Банкке қатысушы қатысса, осы Жарғының 14-бабының 1-тармағының "л" тармақшасында көзделген мәселелер бойынша шешімді Банк кеңесі бірауыздан қабылдайды.

6. Банк қызметінің қалған мәселелері бойынша шешімдерді қарапайым көпшілік дауыспен Банк кеңесі қабылдайды.

7. Банк кеңесі дауыс беруді Банк кеңесінің мүшелеріне сырттай жазбаша жауап алу жолымен жүргізуге құқылы. Мұндай шешімдер Банк кеңесі отырысының хаттамасымен ресімделеді, ол Банк кеңесі мүшелеріне жіберіледі.

8. Банк кеңесінің қызметін қамтамасыз ету үшін Банк кеңесі Банктің басқару органдары болып табылмайтын көмекші органдарды құруға құқылы.

## **1 6 - б а п**

### **Банк басқармасы**

1. Банк басқармасы Банктің тұрақты жұмыс істейтін алқалы атқарушы органы болып табылады.

Банк басқармасының қызметін Банк кеңесі регламенттейді. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Банк басқармасы осы Жарғыны және Банк кеңесінің шешімдерін басшылыққа алады.

Банк басқармасы Банк кеңесіне есеп береді.

2. Банк басқармасының құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

а) Банк қызметінің бағдарламаларын, оның ішінде инвестициялық түрін әзірлеу, Банк қызметінің стратегиялық міндеттерін шешу жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

б) Банк кеңесінің отырыстарын дайындау, қаржы жылына есептілікті және кезекті қаржы жылына арналған Банк бюджетінің жобасын Банк кеңесіне бекітуге ұсыну;

в) Банктің инвестициялық қоржынын сараптауды ұйымдастыру, Банктің ресурстық әлеуетін бағалауды жүргізу, жобаларды қаржыландырудың басымдығына қатысты ұсыныстар дайындау, Банк кеңесі айқындаған өкілеттіктер шегінде жобаларды қаржыландыру туралы шешімдер қабылдау, Банк кеңесінде қарау үшін Банк кеңесі

белгілеген лимиттен асатын инвестициялар көлемі бар жобалар бойынша қорытындылар дайындау;

г) қаражатты орналастыру мен тартуға қатысты ұсыныстарды талдау, өтімділігін қолдау және пайда алу мақсатында Банктің активтері мен пассивтерінің ұтымды құрылымын айқындау, тәуекелділік пен өтімділікті бақылауды қамтамасыз ету;

д) Банк қызметтеріне тарифтерді бекіту;

е) Банктің ережелерін және рәсімдерін бекіту;

ж) Банкке қатысушылардың тізілімін жүргізу;

з) Банк кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған Банк қызметінің басқа да мәселелері.

3. Банк басқармасының сандық құрамын Банк кеңесі айқындайды. Банк басқармасының мүшелерін Банк кеңесі тағайындайды және қызметтен босатады. Банк басқармасының мүшелері бір мезгілде Банк кеңесінің мүшелері бола алмайды.

Банк басқармасы төрағасының ұсынымы бойынша Банк кеңесі басқарма құрамына Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын енгізу туралы шешім қабылдайды. Басқарма мүшелері арасында міндеттерді бөлуді оның төрағасы жүзеге асырады. Қажет болған жағдайда, Банк кеңесі Банк басқармасының құрамын және оның мүшелерінің санын қайта қарай алады.

4. Банк басқармасының отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде екі айда бір рет өткізіледі. Егер отырысқа басқарма мүшелерінің жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысса, ол өткізілген болып саналады.

Банк басқармасы отырысында шешімдер көпшілік дауыспен қабылданады. Шешімдерді қабылдау кезінде басқарманың әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Дауыстар тең болған жағдайда басқарма төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Банк басқармасы қабылдаған шешімдер орындауға міндетті болып табылады.

Банк басқармасының мүшелері Банк басқармасы отырыстарының хаттамаларына өз ескертулері мен ұсыныстарын енгізуге құқылы. Басқарма отырысының хаттамасына Банк басқармасының төрағасы қол қояды.

## 1 7 - б а п

### **Банк басқармасының төрағасы**

1. Банк басқармасының төрағасы осы Жарғыда және Банк кеңесінің шешімдерінде белгіленген өз құзыреті және құқықтары шеңберінде Банк пен басқарманың қызметін басқарады.

2. Банк басқармасының төрағасы төрт жылға сайланады және жаңа мерзімге қайта сайлана алады. Банк басқармасының төрағасы кеңес мүшелері даусының жалпы санының кемінде төрттен үш даусымен қабылдаған Банк кеңесінің шешімі бойынша өз міндеттерін атқаруды мерзімінен бұрын тоқтатуы мүмкін.

Банк басқармасының төрағасы кеңесші дауыс құқығымен Банк кеңесінің отырыстарына қатысады.

Банк басқармасының төрағасы бір мезгілде Банкке қатысушының

өкілетті өкілі немесе оның орынбасары бола алмайды.

3. Банк басқармасының төрағасы Банктің ресми өкілі болып табылады және мынадай өкілеттіктерге ие:

а) Банк кеңесінің және Банк басқармасының шешімдеріне сәйкес Банктің ағымдағы қызметін басқару;

б) Банктің атынан (сенімхатсыз) операциялар мен мәмілелер жасасу, мемлекеттермен және халықаралық қаржы және басқа ұйымдармен қатынастарда Банктің мүдделерін білдіру;

в) Банктің штаттық кестесін бекіту, Банк қызметкерлерін жұмысқа қабылдау және босату, лауазымдық міндеттерін айқындау, Банк кеңесі бекіткен бюджеттің шеңберінде Банк қызметкерлері еңбек ақысының мөлшерін белгілеу;

г) ішкі аудит қызметінің дербес құрамы бойынша ұсыныстар енгізу;

д) Банктің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығару және нұсқаулар беру.

4. Банк басқармасының төрағасы Банк кеңесінің алдында оның шешімдерінің орындалуы, Банк жұмысын ұйымдастыру және оның қызметінің нәтижелері үшін жауап береді.

5. Банк басқармасы төрағасының ұсынымы бойынша Банк кеңесі өкілеттіктері мен лауазымдық міндеттерін Банк басқармасының төрағасы айқындайтын оның орынбасарларын тағайындайды. Банк басқармасы төрағасының орынбасарлары Банк басқармасының мүшелері болып табылады. Банк басқармасының төрағасы болмаған жағдайда, оның функциялары мен өкілеттіктерін өзі тағайындаған орынбасары атқарады. Банк басқармасының төрағасы өз міндеттерін орындау мүмкін болмаған кезде, Банк кеңесі төрағасының шешімі бойынша Банк басқармасы төрағасы орынбасарларының біріне Банк басқармасы төрағасының өкілеттіктері беріледі және оның функцияларын жүзеге асырады.

## V б ө л і м

### Банк қызметінің жекелеген аспектілері

#### 1 8 - б а п

### Банктің халықаралық ұйым ретіндегі мәртебесі, саяси қызметке тыйым салу

1. Банк, Банк басқармасының төрағасы, Банк басқармасы төрағасының орынбасарлары, Банк басқармасының мүшелері және Банк қызметкерлері өз шешімдерінде Банктің осы Жарғыда көзделген мүдделерін, оның мақсаттары мен функцияларын ғана басшылыққа алады.

2. Банк басқармасының төрағасы, Банк басқармасы төрағасының орынбасарлары, Банк басқармасының мүшелері және Банк қызметкерлері өз міндеттерін орындау кезінде Банк мүддесіне ғана жұмыс істейді. Банктің халықаралық ұйым ретіндегі мәртебесін ескере отырып, Банк қатысушылары өз міндеттерін орындаған кезде

көрсетілген тұлғалардың бірде-біріне қысым жасамайды.

3. Банк қандай да болмасын түрде оның мақсаттарына немесе функцияларына нұқсан келтіретін, оларды шектейтін, олардан ауытқуға әкеп соқтыратын немесе өзге түрде оларды өзгертетін кредиттік ресурстарды тартуға, көмек не өзге түрде жәрдем алуға қатыспайды.

4. Банк, Банк басқармасының төрағасы, Банк басқармасы төрағасының орынбасарлары, Банк басқармасының мүшелері және Банк қызметкерлері Банкке қатысушы кез келген мемлекеттерде болып жатқан саяси оқиғаға араласпауы тиіс. Банк органдарының шешімдері Банк қатысушыларының саяси қысымымен қабылданбауы тиіс.

Банк органдары шешімдер қабылдаған кезде тек осы Жарғының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған пікірлерді ғана басшылыққа алуы тиіс.

1 9 - б а п

### **Байланыс арналары**

Банкке қатысушы әрбір мемлекет Банк осы Жарғы шеңберінде туындайтын мәселелерді шешетін өзінің ресми органын айқындайды.

2 0 - б а п

### **Банктік құпия**

Банк банктік құпияны сақтау туралы Банкке қатысушы мемлекеттердің заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

2 1 - б а п

### **Банктің жұмыс және ресми тілі**

Банктің жұмыс және ресми тілі орыс тілі болып табылады.

2 2 - б а п

### **Банктің қаржы жылы**

Банктің қаржы жылы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталады.

2 3 - б а п

### **Банктің пайдасын бөлу**

1. Банк кеңесінің шешімі бойынша пайда Банкке қатысушылардың арасында резервтік қор Банктің жарғылық капиталының 15 (он бес) пайызына жеткеннен кейін ғана бөлуге жатады. Пайда сыртқы аудитор растаған жылдық есеп бекітілгеннен кейін Банк кеңесінің шешімі бойынша бөлінеді, бұл ретте пайда, оның ішінде, Банктің резервтік және өзге де қорларын толықтыруға жіберіледі.

2. Банк пайдасын Банкке қатысушылар арасында бөлу, олар пайда алынған қаржы жылының соңындағы жағдай бойынша төлеген акциялар санына теңбе-тең жүргізіледі.

2 4 - б а п

### **Банктің аудиті және есептерді жариялау**

1. Банктің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін оның құрылымында ішкі аудит қызметі құрылады, оның дербес құрамын Банк кеңесі оны

ұзарту мүмкіндігімен бір жыл мерзімге бекітеді. Ішкі аудит қызметі Банк кеңесіне есеп б е р е д і .

2. Банктің жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын тексеру және растау үшін жыл сайын Банктің тәуелсіз сыртқы аудиті жүргізіледі.

Аудит жүргізуге лицензиясы бар және Банкпен немесе оның қатысушылармен мүліктік мүдделермен байланысы жоқ тәуелсіз халықаралық кәсіби аудиторлық ұйымды іріктеу тәртібін Банк кеңесі айқындайды.

Банк кеңесі жыл сайын іріктеу нәтижелері бойынша ең үздік деп танылған тәуелсіз халықаралық кәсіби аудиторлық ұйымды бекітеді және онымен келісім-шарт жасасу құқығын Банк басқармасының төрағасына береді.

3. Банк Банкке қатысушыларға жылдық есепті және оған берілген аудиторлық қорытындыны есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірмей ж і б е р е д і .

Банк жалпы қабылданған банктік қағидаттарды ескере отырып, өзінің қаржылық есептері мен жариялануы өз мақсаттарына қол жеткізу және өз функцияларын орындау үшін орынды болатын өзге де кез келген есептерді жариялайды.

## 2 5 - б а п

### **Банк қызметін тексеру**

1. Банк қызметін тексеруді Банк кеңесі төрт жыл мерзімге бекітетін Банктің тексеру комиссиясы жүзеге асырады. Банктің тексеру комиссиясының құрамына тексеру комиссиясының төрағасы және оның мүшелері кіреді.

2. Банктің тексеру комиссиясының төрағасы және мүшелері Банкте қандай да болмасын лауазымдарды атқара алмайды.

3. Тексеруді ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін Банк кеңесі белгілейді.

4. Банк басқармасының төрағасы Банктің тексеру комиссиясының қарауына тексеруді жүзеге асыру үшін қажетті барлық материалдарды береді.

5. Банктің тексеру комиссиясының есептері Банк кеңесіне кемінде жылына бір рет беріледі.

## V I б ө л і м

**Банк құрамынан шығу, Банк операцияларын тоқтата тұру, Банкті тарату**

## 2 6 - б а п

### **Қатысушылардың Банк құрамынан шығуы**

1. Банкке кез келген қатысушы өз ниеті туралы Банк кеңесін жазбаша хабардар ете отырып, Банк құрамынан шығуға құқылы. Банк көрсетілген хабарламаны алған күннен б а с т а п :

а) Келісімге және осы Жарғыға сәйкес осы Банкке қатысушыға берілген Банк құрамынан шығу құқығынан басқа барлық құқықтар тоқтатыла тұрады;

б) мұндай Банкке қатысушының Банк басқармасы не Банк кеңесі қабылдайтын

қандай да болмасын шешімдерді қабылдау кезінде дауыс беруге құқығы жоқ. Бұл ретте , Банк құрамынан қатысушының шығуына дейін берілген қарыздардың, жарғылық капиталға инвестициялардың немесе кепілдіктердің қандай да болмасын бөлігі реттеліп болмайынша, Банк алдындағы өзінің барлық тікелей және жанама міндеттемелері с а қ т а л а д ы ;

в) мұндай Банкке қатысушы осы қатысушының Банк құрамынан шығу ниеті туралы хабарламаны алғаннан кейін Банк берген қарыздар, жарғылық капиталға берілген инвестициялар және кепілдіктер бойынша міндеттемелер орындамайды, сондай-ақ Банк кірістері мен шығыстарын бөлуге қатыспайды.

2. Банк Банкке қатысушыдан оның Банк құрамынан шығу ниеті туралы хабарламаны алған күннен бастап алты ай ішінде Банк пен осы қатысушы арасындағы қатынастарды реттеу мерзімі мен тәртібі туралы келісім жасалуы тиіс.

3. Банк Банкке қатысушыдан оның Банк құрамынан шығу ниеті туралы хабарламаны алған күннен бастап алты ай өткенге дейін не Банк пен Банкке қатысушы арасындағы қатынастарды реттеу мерзімі мен тәртібі туралы келісім жасаған күнге дейін мұндай қатысушы көрсетілген хабарламаның күші жойылғаны туралы Банкке ж а з б а ш а х а б а р л а й а л а д ы .

4. Банк кеңесіне оның құрамынан шығу ниеті туралы хабарламаны берген Банк қатысушысы өзі мен Банк арасындағы қатынастарды реттеу мерзімі мен тәртібі туралы келісімді жасаған күннен бастап, бірақ Банк жазбаша хабарламаны алған күннен бастап алты айдан кешіктірмей Банктің қызметіне өзінің қатысуын тоқтатады.

5. Банк құрамынан шығатын Банк қатысушысы және Банк "банк-клиент" қатынастары шеңберінде өз міндеттемелері бойынша жауап беруді жалғастырады.

## **2 7 - б а п**

### **Банктің бұрынғы қатысушыларымен есеп айырысуды реттеу**

1. Банк және Банк қатысушысы Банктің қызметіне қатысуды тоқтатқан күнге дейін бір-біріне қолайлы деп есептейтін шарттарда Банктің жарғылық капиталындағы осы қатысушының үлесін сатып алу туралы уағдаластыққа қол жеткізуі мүмкін.

2. Егер Банк Банк қатысушысынан оның Банк құрамынан шығу ниеті туралы хабарламаны алған күннен бастап алты ай өткеннен кейін жарғылық капиталындағы үлесін сатып алу туралы уағдаластыққа қол жеткізілмеген жағдайда, мұндай үлесін сатып алуды Банк мынадай шарттарда жүзеге асырады:

а) сатып алу бағасы Банк Банк қатысушысынан оның Банк құрамынан шығу ниеті туралы хабарламаны алған күнгі Банктің таза активтерінің сомасын және Банктің жарғылық капиталындағы мұндай қатысушының ақы төленген үлесін ескере отырып а н ы қ т а л а д ы ;

б) акциялар үшін ақы төлеу Банк қатысушысы оларды Банкке бергеннен кейін Банк кеңесі өзінің жеке қаржылық жағдайын ескере отырып анықтауына қарай сондай мөлшерде, сол уақытта және сол валютада (валюталарда) кезең-кезеңімен жүргізіледі;

в) төлемдер сатып алу бағасы ретінде тиесілі сома осы Жарғының 26-бабының 1-тармағының "б" тармақшасында көзделген Банк алдындағы міндеттемелердің жалпы сомасынан қаншалықты асып түсетін шекте кезең-кезеңімен жүргізілуі мүмкін;

г) қатысушыға оның акциялар үлесі үшін тиесілі кез келген сома қатысушы немесе оның кез келген құрылымы қандай да болмасын соманы төлеу үшін Банк алдында жауап беруді жалғастыратын осындай уақыт кезеңі ішінде төленбейді, оның үстіне мұндай сома Банктің қалауы бойынша Банктен тиесілі кез келген сомаға қарағанда төленуге тиіс болатын осындай сәтке есептелуі мүмкін;

д) егер Банк Банкке қатысушы Банк құрамынан шыққан күні осы Жарғыға сәйкес жүргізілген онда бар операциялар бойынша таза зиян шексе және мұндай зиянның сомасы осы операциялар бойынша берілген резервтер сомасынан асып түссе, мұндай Банкке қатысушы Банктің талап етуі бойынша, егер мұндай зиян сатып алу бағасын анықтау кезінде есепке алынған болса, оның акцияларын сатып алу бағасы кемітілетіндей соманы өтейді;

е) Банк қатысушысына өзінің акциясы үшін тиесілі ешбір сома Банкке қатысушыдан оның Банк құрамынан шығу ниеті туралы жазбаша хабарламаны Банк алған күннен бастап 6 ай өтпей төленбейді. Егер Банкке қатысушы Банк құрамынан шыққан күннен бастап 6 ай ішінде Банк кеңесі осы Жарғының 14-бабының 1-тармағының "с" тармақшасында көзделген Банктің таратылуына бастамашылық жасау туралы шешім қабылдаса, мұндай қатысушының барлық құқықтары және Банк пен мұндай қатысушы арасындағы қатынастарға қатысты мәселелер осы Жарғының 30-бабының 4-тармағында көзделген ережелермен реттеледі.

3. Бұрынғы Банкке қатысушымен есеп айырысуды реттеу нәтижелері бойынша Банктің жарғылық капиталдағы оның Банк сатып алған үлесі Банк кеңесінің шешімі бойынша Банктің басқа қатысушыларына ұсынылуы мүмкін.

## 2 8 - б а п

### **Банкке қатысуды тоқтата тұру**

1. Егер Банк қатысушысы Банк алдындағы өз міндеттемелерін орындамаса, Банк оның қатысуын тоқтата тұруы мүмкін. Қатысуды тоқтата тұру осы Жарғының 15-бабының 4-тармағына сәйкес қабылданатын Банк кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Оның Банкке қатысуын тоқтата тұру кезеңінде осы баптың 1-тармағында көрсетілген Банк қатысушысының қызметі осы Жарғының 26-бабының 1-тармағының ережелерімен анықталады.

3. Егер бір жыл өткен соң Банк кеңесі Банк қатысушысының құқықтарын қалпына келтіру туралы шешім қабылдамаса, онда мұндай қатысушы Банк құрамынан шығарылды деп есептеледі. Оның және Банктің арасындағы одан арғы өзара қарым-қатынастар осы Жарғының 26 және 27-баптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

## 2 9 - б а п

### **Операцияларды уақытша тоқтата тұру**

Төтенше жағдайда Банк басқармасы жалпы дауыс санының төрттен үш бөлігінің қабылдайтын шешім бойынша Банк кеңесі қалыптасқан жағдайды қарап, ол қажетті шараларды қабылдағанға дейін жаңа қарыздарды және кепілдіктерді беру, бағалы қағаздарды орналастыру, техникалық жәрдемдесу және жарғылық капиталға инвестициялар салу жөніндегі операцияларды уақытша тоқтата алады.

## 3 0 - б а п

### **Операцияларды түпкілікті тоқтату және Банкті тарату**

1. Банкті таратуға бастамашылық жасау туралы шешімді Банк кеңесі қабылдайды. Банкті тарату туралы шешімді Банктің қатысушылары қабылдайды.

2. Банк кеңесі Банкті таратуға бастамашылық жасау туралы шешім қабылдаған кезде Банк өзінің активтерін ретке келтіріп сату мен консервациялау, сақтау және өзінің міндеттемелерін реттеу жөніндегі қызметті қоспағанда, өз қызметін дереу т о қ т а т а д ы .

Міндеттемелерді түпкілікті реттеу мен активтерді бөлгенге дейін Банктің және оның қатысушыларының барлық өзара құқықтары мен міндеттемелері күшін сақтайды.

3. Кредит берушілердің талаптары Банк активтері есебінен қанағаттандырылады. Кредит берушілерге қандай да бір төлемдерді жүзеге асырар алдында Банк басқармасы төлемдерді талаптарды ұстаушылар арасында теңбе-тең бөлуді қамтамасыз ету үшін қ а ж е т т і ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы .

4. Банк активтерін бөлу мынадай түрде жүзеге асырылады:

а) активтер Банктің қатысушылары арасында Банктің кредит берушілер алдындағы барлық міндеттемелері реттелгеннен кейін немесе осындай реттеу үшін резерв құрылғаннан кейін бөлінеді;

б) Банк активтерін кез келген бөлу Банктің әрбір қатысушысы төлеген жарғылық капиталдың бөлігіне теңбе-тең жүргізіледі және Банк кеңесі бекіткен мерзім мен шарттардың негізінде жүзеге асырылады. Банктің қатысушылары арасында бөлінетін активтер әр түрлі болуы мүмкін. Банк алдындағы өзінің барлық міндеттемелерін орындамайынша, бірде бір қатысушының бөлінген активтерден өз үлесін алуға құқығы ж о қ ;

в) осы бапқа сәйкес бөлінетін активтерді алатын Банктің қатысушысы осы активтер бойынша оларды бөлуге қатысты Банкке тиесілі болған дәл сондай құқықтарды пайдаланады.

## V I I б ө л і м

### **Банктің иммунитеті, артықшылықтары және жеңілдіктері**

Өзінің мақсатына қол жеткізу және өзінің функцияларын орындау үшін Банкке қатысушы әрбір мемлекеттің аумағында осы бөлімде көзделген және Банк пен Банкке

қатысушылар арасында жасалған келісімдерде тіркелген иммунитет, артықшылықтар және жеңілдіктер беріледі.

### 3 1 - б а п

#### **Банктің иммунитеті және артықшылықтары**

1. Оның өкілеттігін жүзеге асырудың салдары болып табылмайтын немесе осы өкілеттіктерді жүзеге асырумен байланысты емес жағдайларды қоспағанда, Банктің кез келген сот қудалауына қарсы иммунитеті болады. Банк орналасқан не филиалы, еншілес Банкі немесе өкілдігі бар не сотқа шақыру қағазын немесе процесс туралы хабарламаны қабылдау мақсатында агентін тағайындаған не бағалы қағаздарын шығарған немесе оларға кепілдік берген мемлекеттің аумағындағы құзыретті соттарда ғана Банкке қарсы қуылымдар қозғалады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, Банкке кез келген қатысушы немесе осындай қатысушының атынан әрекет ететін немесе талап қоятын қатысушының кез келген тұлғасы, органы және мекемесі тарапынан Банкке қарсы ешқандай іс-қимыл мен қуылымдар қолданылмайды. Банкке қатысушылар қарама-қайшылықтарды реттеу үшін осы Жарғыда, Банктің ережелері мен регламентінде, сондай-ақ Банкке қатысушы мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен жасасқан келісімдерде көзделген арнайы рәсімдерді пайдалана алады.

3. Банкке қатысушылардың аумағында орналасқан Банктің мүлкі мен активтерінің Банкке қатысты түпкілікті сот шешімі шығарылғанға дейін тінтуге, реквизициялауға, тұтқынға алуға, тәркілеуге, экспроприациялауға немесе алудың не иеліктен шығарудың кез келген өзге де нысанына қарсы иммунитеті бар.

4. Банктің мақсатына қол жеткізу және функцияларын орындау үшін қажетті дәрежеде және осы Жарғының ережелерін ескере отырып, Банктің барлық мүлкі мен активтері қандай да болмасын шектеулерден, нұсқамалардан және мораторийлерден азат болады.

5. Банкке қатысушылардың аумағында Банкке тиесілі не ол иесі болып табылатын мұрағатқа, мүлікке, сондай-ақ кез келген ақпаратқа қол сұғылмайды.

6. Банкке қатысушы мемлекеттер Банкке оның ресми байланысы үшін почта жөнелтімдерін, каблограмма, жеделхат, радиограмма, телефонды пайдалану және басқа да байланыс құралдарының басымдылығына, тарифтері мен ставкаларына қатысты, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары үшін мәліметтер беру мақсатында төмендетілген ставкаларды қолдануға қатысты оның дипломатиялық өкілдіктерін қоса алғанда, осы қатысушылардың үкіметтері кез келген басқа үкіметке ұсынатыннан қолайлылығы кем емес жағдайлар ұсынады. Көрсетілген қызметтерге ақы төлеуге байланысты барлық шығыстар Банк қаражаты есебінен жүргізіледі.

7. Банктің барлық өкілетті өкілдерінің, олардың орынбасарларының, Банк басқармасы төрағасының, Банк басқармасының төрағасы орынбасарларының, Банк басқармасы мүшелерінің және Банк қызметкерлерінің олар қызметтік міндеттерін

атқару кезінде жасаған іс-қимылдары үшін сот және әкімшілік қудалаудан иммунитеті бар. Бұл иммунитет жол-көлік оқиғасы кезінде залал келтірген жағдайдағы азаматтық жауапкершілікке қолданылмайды.

### 3 2 - б а п

#### **Салық жеңілдіктері**

1. Банк, оның кірістері, мүлкі және басқа да активтері, сондай-ақ Банкке қатысушы мемлекеттердің аумағында осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылатын оның операциялары мен мәмілелері кез келген салықтардан, алымдардан, баждардан және қызмет көрсетудің нақты түрлері үшін төлемді білдіретіндерді қоспағанда, басқа да төлемдерден босатылады.

2. Банк басқармасы төрағасының, Банк басқармасының төрағасы орынбасарларының, Банк басқармасы мүшелерінің және Банк қызметкерлерінің жалақысы мен сыйақысы салық салудан босатылады.

Әрбір Банкке қатысушы мемлекет осы мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын өзінің азаматтары мен тұлғаларына қатысты салық салудан көрсетілген босатуды қолданбауға құқылы.

3. Ешқандай міндеттемелерге немесе Банк шығарған бағалы қағаздарға, сондай-ақ дивидендтерге немесе оларға пайыздарға олардың ұстаушысының кім екендігіне қарамастан, Банкке қатысушы мемлекеттерде:

а) оларды Банктің шығарғанына байланысты болғандықтан ғана мұндай міндеттемелерге немесе бағалы қағаздарға қатысты кемсітетін болып табылса, немесе

б) егер көрсетілген міндеттемелер мен бағалы қағаздардың шығарылған орны; олар шығарған, төленуге тиіс немесе төленетін валюта; Банкке тиесілі қандай да болмасын мекеменің немесе қызмет орнының орналасқан жері мұндай салық салу үшін жалғыз ғана заңды негіздеме болып табылса, ешқандай салық салынбайды.

### 3 3 - б а п

#### **Иммунитет пен артықшылықтардан бас тарту**

Банк кеңесі осы Жарғыда көзделген кез келген иммунитеттен, артықшылықтан немесе жеңілдіктен, оның пікірінше, Банктің мүдделеріне жауап беретін дәрежеде және жағдайларда бас тарта алады.

Банк басқармасының төрағасы оның пікірінше мұндай иммунитет, артықшылық немесе алу сот төрелігін жүзеге асыруға қиындық туғызатын болса және олардан бас тарту Банк мүдделеріне нұқсан келтірмесе, Банк басқармасының төрағасын, Банк басқармасы төрағасының орынбасарларын және Банк басқармасының мүшелерін қоспағанда, Банктің кез келген қызметшісіне қатысты кез келген иммунитеттен, артықшылықтан немесе жеңілдіктен бас тартуға міндетті. Банк кеңесі осыған ұқсас жағдайларда және дәл сондай шарттарда, Банк басқармасының төрағасына, Банк басқармасы төрағасының орынбасарларына және Банк басқармасының мүшелеріне қатысты кез келген иммунитеттен, артықшылықтан немесе алудан бас тартуға міндетті.

**Қорытынды ережелер****3 4 - б а п****Осы Жарғыға өзгерістер енгізу**

Банкке қатысушының өкілетті өкілінен түсетін осы Жарғыға өзгерістер енгізу туралы кез келген ұсыныс Банк кеңесі төрағасының назарына жеткізіледі, ол осы ұсынысты Банк кеңесінің қарауына ұсынады.

Банкке қатысушылардың өзара келісуі бойынша осы Жарғыға жеке хаттамалармен ресімделетін және осы хаттамаларда белгіленген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

**3 5 - б а п****Осы Жарғыны түсіндіруге және қолдануға байланысты дауларды шешу**

Осы Жарғыны түсіндіруге немесе қолдануға байланысты Банкке қатысушы мен Банк арасында не Банкке қатысушылар арасында туындайтын даулар осы қатысушылар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

**3 6 - б а п****Банктің қызметі барысында туындайтын дауларды шешу тәртібі**

1. Банк пен Банкке қатысушы арасында, не Банк пен Банкке қатысуды тоқтатқан тараптың арасында, не Банк қызметін тоқтата тұрған және тоқтатқан уақытта Банк пен қандай да бір қатысушы арасында Банктің қызметі барысында туындайтын даулар мен келіспеушіліктерді тараптар мүмкіндігінше келіссөздер мен консультациялар арқылы шешеді.

2. Егер мұндай даулар және келіспеушіліктер келіссөздер мен консультациялар арқылы шешілмеген жағдайда оларды дау тараптарының кез келгені белгіленген тәртіппен Банк кеңесіне шешуге береді.

3. Тараптардың кез келгені үш төрешіден тұратын, оның біреуін - Банк, екіншісін - Банкке тиісті қатысушы, ал үшіншісін - тағайындалған төрешілердің келісімі бойынша, егер тараптар ортақ келісімге келмесе, Біріккен Ұлттар Ұйымы Халықаралық Сотының төрағасы тағайындайтын аралық соттың қарауына дауды бере отырып, Банк кеңесінің шешімін даулай алады. Төрешілер көпшілік дауыспен шешім қабылдайды және олар қабылдаған шешім дау тараптары үшін түпкілікті және міндетті болып табылады.

Еуразия даму банкінің Жарғысына

**ҚОСЫМША**

**Банк құрылтайшыларының жарғылық капиталына**

**ЖАЗЫЛУ**

Қазақстан Республикасы - 500000 (бес жүз мың) акция - жарғылық капиталдың үштен бірі.

Ресей Федерациясы - 1000000 (бір миллион) акция - жарғылық капиталдың үштен екісі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК